

II сайланған Алматы қаласы Мәслихаты 2003 жылғы 16 қыркүйектегі XXVII-ші сессиясының "Тұрғын үй көмегінің көлемі және көрсету тәртібі туралы Ережені бекіту жөнінде" шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XVII сессиясының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 172 шешімі. Алматы қалалық Әділет Департаментінде 2005 жылғы 10 тамызда N 668 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 388 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXIV сессиясының 2010.12.13 N 388 шешімімен.

Қазақстан Республикасының«" Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" және«" Қазақстан Республикасындағы халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Заңдары мен Алматы қаласы әкімінің ұсынымына сәйкес, III сайланған Алматы қаласының Мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. II сайланған Алматы қаласы Мәслихаты 2003 жылғы 16 қыркүйектегі XXVII-ші сессиясының "Тұрғын үй көмегінің көлемі және көрсету тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне (Алматы қаласы Әділет басқармасында 06.10.2003 ж. N 557 рет санымен тіркелген, өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, тіркелген және газеттерде жарияланған: 05.08.04 ж. N 612, "Алматы Ақшамы" - 12.08.04 N 91, "Вечерний Алматы" - 26.08.04; 01.02.05 N 641, "Алматы Ақшамы" - 03.02.05 N 13, "Вечерний Алматы" - 05.02.05 N 24; 13.05.05ж. N 656, "Алматы Ақшамы" - 24.05.05. N 57, "Вечерний Алматы" - 09.06.05;) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-ші тармақ келесі редакцияда баяндалсын: "2. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлем ретінде беріледі. Бұл көмек Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектері, оларға теңелген тұлғалар, Ауғанстандағы әскери әрекет кезінде қаза тапқан (хабарсыз кеткен) немесе мертліккен, жарақат, зақым алған әскери қызметкерлердің отбасылары (ата-аналары, қайта некеге отырмаған жұбайлары) және Алматы қаласында тұрақты тұратын тұрғын үйдің иесі (жалдаушысы) болып табылатын отбасыларына (жеке тұлғаларға) ұсынылады.

қаржыға тапсырыс ұсынады. Қалалық қаржы басқармасы тұрғын үй көмегі төлемін жүргізетін айдың 1-ші жұлдызынан кешіктірмей аталған қаражатты әрі қарай тұрғын үй көмегін алушылардың дербес шоттарына немесе көмекті үйден алушыларға сома төлемдерін аудару үшін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар Департаментінің бюджеттік шотына жолдайды."

32-ші тармақ "Халық банкі" сөздерінен кейін "Қазпошта" ААҚ "Алматы почта" Алматы қаласындағы филиалы" сөздерімен толықтырылсын.

2. Алматы қаласы әкімі жанындағы Ауғанстан соғысы және жергілікті әскери дағдарыс ардагерлері мен мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктерін үйлестіру Кеңесі (М.М.Әбдішкүров) Ауғанстандағы әскери әрекет кезінде қаза тапқан (хабарсыз кеткен) немесе мертліккен, жарақат, зақым алған әскери қызметкерлердің отбасылары (ата-аналары, қайта некеге отырмаған жұбайлары) тізімінің Алматы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар Департаментіне ай сайын ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік мәселелер мен денсаулық сақтау жөніндегі тұрақты комиссияға (Е.Б.Тәжиев), Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қ.А.Бүкеновке жүктелсін.

*III сайланған Алматы қаласы
Мәслихаты XVII-ші сессиясының
төрағасы Қ.Баймұхамбетов*

*III сайланған Алматы қаласы
Мәслихатының хатшысы Т.Мұқашев*